

**Б. А. Сұлтанбек, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 1-бағам тыңдаушысы**

**Ғылыми жетекші: М. Е. Уәлиев, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ  
(ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ – 20 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛАДЫ)**

Қазақстан соңғы кезге дейін Кеңестер Одағын сақтап қалу үшін күресті. Бірақ республиканың бұл ниетіне Одақта болыш жатқан әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өзгерістер қарсы тұрды. Сол себепті Қазақстан тәуелсіздігін жарияла шараларына кірісті. Тәуелсіздік алуға ең алғашқы қадам 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің егемендік туралы Декларация қабылдауы.

1991 жылы 8 желтоқсанда Беларусь, РСФСР және Украина республикаларының басшылары Минск қаласында кездесіп, бір мәлімдемеге келді. Осы кездесу ТМД-ны құруға жол ашты.

1991 жылы 21 желтоқсанда Алматыда республика өкілдері қатысқан кездесу болыш өтті. Бұл кездесуде ТМД-ның құрылғаны жөнінде шартқа қол қойды. Сейтіп, 1991 жылғы желтоқсандағы Алматы қаласындағы бас қосқан тәуелсіз елдер басшыларының келісімі КСРО-ның өмір суруін тоқтатумен аяқталды. Осы кезден бастап Қазақстан басқа республикалармен бір-бірінің егемендігін, қалыптасқан шекараларды, орнатылып жатқан өзара пайдалы экономикалық байланыстарды мойындау туралы екі жақты келісімдер жасады.

1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан тарихында тұңғыш рет республикада жалпы халықтық Президент сайлауы өткізілді. Дауыс беру қорытындысы бойынша Н.Ә. Назарбаев Президент болыш сайланды. Осы кезде Президенттің Жарлығымен бұрын Одаққа бағынған кәсіпорындар мен үйымдарды республика үкіметінің қарамағына беру, мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметінің дербестігін қамтамасыз ету, елімізде алтын қорын жасау туралы және т. б. заңдар шығарылды. Сол жылғы 10 желтоқсанда Елбасы Жарлығымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауы Қазақстан Республикасы болыш өзгертилді.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында Парламент депутаттары «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Заң қабылдады. Мұнда Республиканың мемлекеттік тілі – қазақ тілі, ол орыс тілі үлтаратың байланыс тілі болыш есептеледі. Сейтіп 1991 жылғы 16 желтоқсан республиканың тәуелсіздік күні ретінде бүкіл әлемге танылды.

Республика тәуелсіздік алғаннан кейін, егемен мемлекет ретінде халық 2007 ж. 4 маусым Елбасы жарлығымен рәміздер күні болыш белгіленді. 7 қантарда «ҚР-ның мемлекеттік рәміздер туралы» Конституциялық Занға өзгерістермен тоқытырулар енгізіліп, бұрынғы әнұран орнына жаңа әнұран мәтіні қабылданды. Еліміздің әнұраны «Мениң Қазақстаным» әні.

Астана — егеменді Қазақстанның жаңа елордасы. 1997 жылы Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев астананы Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшіру туралы шешім қабылдады. 1998 ж. 6 мамырдан бастап жаңа елорданы Астана деп атау туралы шешім қабылданды. Ал 20 мамырда «ҚР-сы астанасының мәртебесі туралы» ҚР-ның Заны қабылданды. 10 маусымда ашылу салтанаты өтті.

Жаңа Конституцияға, оның алдыңғысымен салыстырғанда көптеген өзгеріс, ғылыми қағидалар енгізілді. Бұрынғы Ата Заң 4 бөлім 21 тарау 131 баптан тұрған болса, кейінгісі 9 бөлім 98 баптан тұрады.

Елбасының ел экономикасын көтеру мақсатында 1997 ж. қазан айында республика халқына «Қазақстан — 2030» атпен жолдау қабылдан, ондағы еліміздегі дағдарыстан шығудың және жүріп жатқан реформаларды аяқтаудың, сондай-ақ алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына қосудың немесе «Қазақстан — барысын» қалыптастырудың жаңа бағдарламасын ұсынды. Ол негізгі 7 бөлімнен тұрады. Міне осы бағдарламаны іске асырғандаған Қазақстан халқының өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігінің артатыны айтылған.

«Қазақстан — 2030» бағдарламасының талаптарына орай соңғы жылдары еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту, әлемдік стандарттарға сай түзілген заңнамалық-құқықтық базаны жетілдіру жөніде орасан зор жұмыстар жүргізілді. Атап айтсақ, билікте, сот және құқық қорғау органдарын қоса алғанда оның барлық тармақтары өзгертилді.

Сонымен қорыта келгенде, жер жүзіндегі қазіргі тәуелсіз 182 елдің 15 мемлекеті нарықтың қарқынды даму жолын игерген, 156 ел – нарықтық даму жолына түскен (сонын бірі — Қазақстан), тек 11 ел ғана — нарықтық қатынасқа әлі кірмеген.

Тәуелсіз Қазақстан дүние жүзінің көптеген елдерімен тең деңгейде дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастар орнатты. Қазақстан Орталық Азияның көшбасшысы, халықаралық құрметті әріптеске, халықаралық лаңкестікке, есірткінің жойылуы мен ядролық қарудың таралуына қарсы белсенді күресетін мемлекетке айналды. Қазақстан Республикасы өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуында, мәдени саласында өзінің дұрыс шешімін тауып, одан әрі өрлей беретініне зор сенім білдіруге болады.